

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1209 Қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің жобасы (бұдан әрі - Келісім) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Амангелді Смағұлұлы Шабдарбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министри*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы  
Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы  
келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

аумаққа және мемлекеттік шекараға қол сұқпаушылық туралы халықаралық құқықтың негізгі қағидатын басшылыққа ала отырып,

егемендік және аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, өзара жауласпау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тенденция, өзара тиімділік және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарын негізге ала отырып,

мемлекеттік шекара екі елдің арасында ұрпақтан ұрпаққа бейбітшілік пен достықтың мәңгілік шекарасы болып қалуы үшін жалпы күш-жігерді жұмсау шешімділігіне толы болып,

екі елдің мемлекеттік шекарасында тұрақтылықты және шекара маңындағы аудандарда тыныштықты қамтамасыз ету, шекара мәселелерін өзара құрметтеу және сенім, тең құқық, достастық және ынтымақтастық рухында реттеу мақсатында, мына төмендегілер туралы келісті:

## **1-тарау. Аппарат ұғымы**

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1. "Мемлекеттік шекара", "шекара", "мемлекеттік шекараның сыйығы" - бірдей мағынасы бар, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы құрлық және су аумақтарының бөліну шектерін, сондай-ақ осы сыйық бойынша өтетін әуе кеңістігі мен жер қойнауы бөлінуінің тік жазықтық сыйығын білдіреді.

2. "Шекараны делимитациялау туралы құжаттар" - мемлекеттік шекара туралы мемлекетаралық келісімдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы мен үшінші елдің арасындағы шекараның түйісу нүктесі туралы шарттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы шекараны белгілейтін құқықтық құжаттар.

3. "Шекараны демаркациялау туралы құжаттар" - Демаркациялау туралы хаттама, Мемлекеттік шекараның картасы, Шекара белгілерінің хаттамалары, Шекара белгілерінің координаттары мен биіктіктерінің каталогы, Шекара белгісі бағаналарының өзара орналасу схемаларының альбомы, Араптардың тиесілігі кестесі және оны демакрацияланғаннан кейін қалыптасқан мемлекеттік шекара туралы басқа да құжаттар.

4. "Бірлесіп тексеру құжаттары" - мемлекеттік шекараны бірлесіп тексеру хаттамалары, Мемлекеттік шекараның картасы, Шекара белгілерінің хаттамалары, Шекара белгілерінің координаттары мен биіктіктерінің каталогы, Шекара белгісі бағаналарының өзара орналасу схемаларының альбомы, Араптардың тиесілігі кестесі және шекараны бірлесіп тексергеннен кейін қалыптасқан және мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы құжаттарға қосыншалар болып табылатын басқа да құжаттар.

5. "Шекара белгілері" - сыйықта немесе мемлекеттік шекараның екі жағы бойынша орнатылған жергілікті жерде мемлекеттік шекараның сыйығынан өтуін көрсететін белгілер. Олардың географиялық координаттары демаркация туралы құжаттарда немесе бірлесіп тексеру құжаттарында айқындалған және тіркелген. Шекара белгілері негізгі және аралық болып бөлінеді.

6. "Шекаралық орман жолдары" - оларды қадағалауды және көршілес шекара белгілері арасында көру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік шекара сыйығының екі жағы бойынша белгілі бір ендік шегінде ағаштардан, бұталардан және басқа да өсімдіктерден тазартылған жергілікті жердің жолақтары.

7. "Шекаралық аудан" - мемлекеттік шекараға жақын орналасқан Қазақстан Республикасының аудандары, Қытай Халық Республикасының уездері (қалалары).

8. "Шекара маңындағы халық" - екі мемлекеттің шекара маңындағы аудандарында тұрақты тұратын халық.

9. "Үәкілетті органдар" - құзыретіне осы Келісімге сәйкес мәселелерді шешу кіретін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында белгіленген органдар.

10. "Шекарадағы оқыс оқиғалар" - мемлекеттік шекара режимінің әртүрлі бұзылуларынан көрініс табатын оқиға.

11. "Шекаралық персонал" - Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы шекаралық ведомстволардың жеке құрамы.

12. "Мемлекеттің шекара өкілдері" - шекарадағы оқыс оқиғалардың алдын алу, реттеу мен мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету үшін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес тағайындалған тұлғалар.

13. "Шекара өкілінің сарапшысы" - Тараптар мемлекеттері шекара өкілдерінің қызметін қамтамасыз ету үшін тартылатын әртүрлі бейіндегі құзыретті мамандар қатарынан тағайындалатын тұлға.

14. "Траншекаралық сулар" - мемлекеттік шекара сзығын кесіп өтетін немесе мемлекеттік шекара сзығы бойынша орналасқан барлық өзендерді және басқа да су айдарын білдіреді.

15. "Шекаралық сулар" - траншекаралық сулардың құрамдас бөлігі болып табылады және мемлекеттік шекара сзығы бойынша орналасқан барлық өзендерді және басқа да су айдарын білдіреді.

16. "Траншекаралық құрылыштар" - мемлекеттік шекараны кесіп өтетін темір жолдар, тас жолдар, мұнай-газ құбырлары, электр беру желілері, кабелдер, көпірлер, бөгеттер, шлюздер және басқа да құрылыштар.

17. "Әуе кемесі" - жер бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуден өзгеше ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын ұшу аппараты (ұшақтар, тікұшақтар, дирижабльдер, әуе шарлары және солар сияқты құралдар).

18. "Форс-мажорлық жағдаяттар" - болжауға болмайтын, болмай қалмайтын және еңсерілмейтін объективтік жағдаяттар.

## **2-тарау. Мемлекеттік шекарадан өту сзықтарын, шекара белгілері мен шекаралық орман жолдарын ұстau**

### **2-бап**

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сзығын делимитациялау туралы төмендегі құжаттарға сәйкес белгіленеді:

1. 1994 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісім;

2. 1997 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық

Республикасы арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша  
ке л і с і м ;

3. 1998 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы қосымша  
ке л і с і м ;

4. 1999 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нұктесі туралы келісім;

5. 1999 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нұктесі туралы келісім.

### **3-бап**

Тараптар жергілікті жерде мемлекеттік шекараның өту сзығын және шекара белгілерінің орналасқан жерін белгіледі, сондай-ақ 2002 жылғы 10 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасының сзығын демаркациялау туралы хаттамаға, сондай-ақ Тараптар қол қойған және бірлесіп тексеру құжаттарының күшіне енуіне сәйкес мемлекеттік шекара сзығын бекітті.

### **4-бап**

Тараптар осы Келісімнің 3-бабында санамаланған демаркациялау туралы құжаттар мен бірлескен тексеру құжаттарының ережелеріне сәйкес шекара белгілері мен шекаралық орман жолдарын ұстауды жауапкершілікке алады. Тараптардың уәкілетті органдары жоғарыда көрсетілген жұмыстардың орындалуы жөніндегі міндеттері м ы на д а й                                  ү л г і г е                                  б ө л і н е д і :

1. Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің аумағында орналасқан шекара белгілерін ұстауды .

2. Тікелей мемлекеттік шекара сзығында орналасқан шекара белгілерін ұстауды оларды орнату үшін жауапты Тараптардың уәкілетті органдары жүзеге асырады.

3. Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің аумағында орналасқан шекаралық орман жолдарын дербес ұстайды және оларды тазарту жұмыстарын жүргізеді.

### **5-бап**

1. Тараптар шекара белгілерін күзету және ұстau жөніндегі шаралар қабылдайды, олардың бүлінуін, орындарының ауысуын, бұзылуын немесе жоғалуын болдырмайды.

Тараптардың уәкілетті органдары үш жылда бір рет шекара белгілерінің жай-қүйін бірлескен тексеру жүргізеді. Шекара белгілерінің жай-қүйіне бірлесіп тексеру жүргізу дің мерзімі Тараптардың уәкілетті органдары арасында күні бұрын келісіледі. Бірлесіп тексерудің нәтижелері әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдеріндегі екі данада тиісті хаттамалармен ресімделеді.

2. Шекара белгілерінің бүлінуі, орындарының ауысуы, бұзылуы немесе жоғалуы анықталған кезде Тараптардың уәкілетті органдары бір-біріне дереу хабарлайды. Осы Келісімнің 4-бабының ережелеріне сәйкес шекара белгісін ұстауға жауапты Тараптың уәкілетті органдары оны жөндеу қалпына келтіру немесе бұрынғы орнына қайта орнату жөнінде жедел шаралар қабылдайды, сондай-ақ осындай жұмыстар басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етеді.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстарды жүргізу екінші Тараптың уәкілетті органдарының қатысуымен жүзеге асырылады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данадағы акт осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

3. Форс-мажорлық жағдаяттар себебі бойынша шекара белгісін қалпына келтіру немесе бұрынғы орнына қайта орнату мүмкін болмайтын жағдайда Тараптардың уәкілетті органдары оны қалпына келтіру немесе бұрынғы орнына қайта орнату мүмкін еместігі себептерін көрсете отырып, осы Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес акт ресімдейді, және бұл мәселе осы Келісімнің 49-бабына сәйкес құрылған Шекара жөніндегі бірлескен Қазақстан-қытай комиссиясының қарауына шығарылады. Көрсетілген комиссия шекара белгісін орнату үшін басқа ыңғайлы орынды белгілеу жөнінде шешім қабылдайды. Шекара белгісін жаңа жерге орнату үшін Тараптар Тараптардың уәкілетті қатарынан бірлескен сарапшылар тобын қалыптастырады. Шекара белгісінің орнын ауыстырғаннан кейін оны фотоға түсіру, координаттарын геодезистік айқындау және биіктігін белгілеу жүргізіледі, сондай-ақ қажет болған жағдайда жергілікті жерде топографиялық түсіру орындалады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша сарапшылардың бірлескен тобы осы Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес акт ресімдейді және шекара белгісінің жаңа хаттамасын осы участкедегі мемлекеттік шекара сзызының өтуі сипаттамасының түзетілген фрагментін, шекара белгісі бағаналарының координаттары мен биіктіктері каталогының түзетілген бөлігін, шекара белгісі бағаналарының өзара орналасу схемасын жасайды.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар Шекара жөніндегі бірлескен Қазақстан-қытай комиссиясының қарауына ұсынылады. Комиссия бекіткеннен кейін осы құжаттар қосымша құжаттар болып табылатын және шекараны демаркациялау туралы құжаттар мен бірлесіп тексеру құжаттарының ажырамас бөліктері болады.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың нәтижесі осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген Бірлескен комиссия әзірлеген шекараны бірлесіп тексеру құжаттарында

4. Шекара белгісін жөндеу, қалпына келтіру, қайта орнату және оның орнын ауыстыру, сондай-ақ шекара белгісінің нысаны, мөлшері, дайындау материалы және орналасқан жері шекараны демаркациялау туралы құжаттардың немесе бірлесіп тексеру құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Тараптардың бір де бірі шекара сзығына жаңа шекара белгілерін немесе оның басқа да таңбаларын біржақты тәртіппен орнатпауға тиіс. Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар шекара белгілерін бүлдірген, орнын ауыстырган немесе жойған тұлғаларды жауапкершілікке тартады.

## 6-бап

1. Тараптардың уәкілетті органдары үш жылда бір рет ені 15 метрлік (мемлекеттік шекара сзығының екі жағы бойынша 7,5 м) шекараны демаркациялау туралы құжаттарда белгіленген шекаралық орман жолдарының жай-күйіне бірлескен тексеру жүргізеді. Бірлесіп тексеруді жүзеге асыру мерзімі Тараптардың уәкілетті органдарымен алдын ала келісіледі және белгіленеді. Бірлесіп тексерулер нәтижелері әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данадағы хаттамамен ресімделеді.

Қажет болған жағдайда, Тараптардың уәкілетті органдары орман жолдарын қадағалауға кедергі келтіретін ағаштардан, бұталар мен басқа да өсімдіктерден дербес немесе бірлесіп тазарту мүмкін.

Оз аумағында шекаралық орман жолдарын тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда бір Тараптың уәкілетті органы жұмыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей, бұл туралы екінші Тараптың уәкілетті органын хабардар етеді.

2. Шекаралық орман жолдарын тазарту үшін Тараптардың мемлекеттеріне залал келтіруі мүмкін отты, химиялық препараттарды және өзге де тәсілдерді қолдануға тыйым салына

т а з а р т у ы .

3. Тараптардың өзге келісімдерінде ескерілгендерден басқа шекаралық орман жолдарында жер жырту, жер қазу жұмыстарын, құрылыш салу және өзге де шаруашылық қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.

## 3-тарау. Шекараны бірлесіп тексеру

## 7-бап

1. Тараптар шекараны демаркациялау туралы құжаттар күшіне енгеннен кейін он жылда бір рет мемлекеттік шекара сзығына бірлескен тексеру жүргізеді.

2. Тараптар әрбір бірлескен тексеру алдында дипломатиялық арналар бойынша тексерудің басталу мерзімін, оны жүргізу тәртібін және шеңберін келісуі тиіс.

Сондай-ақ келісу жолымен тексеру мерзімінің өзгертуі немесе шекараның жеке участкесінде бірлескен тексеру жүргізуі мүмкін.

3. Бірлескен тексеру жүргізу үшін Тараптар мемлекеттік шекара сызығын тексеру жөніндегі бірлескен комиссияны құрады. Жұмыстың міндеттерін, қағидаттарын, тәртібін, әдістерін, сондай-ақ бірлескен тексеруге байланысты басқа да мәселелерді осы комиссия белгілеуді.

4. Тараптар бірлескен тексеру нәтижелері туралы осы Келісімнің 1-бабының 4-тармағында белгіленген құжаттарды жасайды.

#### **4-тарау. Транспекаралық және шекаралық сулар**

8-бап

Трансшекаралық суларды пайдалану кезінде Тараптар 2001 жылғы 12 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің және Тараптар мемлекеттері бір мезгілде қатысуышылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың ережелерін басшылыққа алады.

9-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің азаматтары мемлекеттік шекараның сзығына дейін шекаралық сулардың өз жағында балық аулауды жүзеге асыруы мүмкін.

Жарылғыш, химиялық заттарды және электртоқты, балықтарды және шекаралық сулардағы басқа да биологиялық ресурстарды жаппай қырып жоюдың басқа да тәсілдерін қолдануға тыйым салынаады.

Тараптардың уәкілетті органдары шекаралық суларда балық және басқа да биологиялық ресурстарды заңсыз аулаудың жолын кесу жөніндегі шараларды бірлесіп немесе дербес қабылдаиды.

2. Фылыми-зерттеу мақсатында аулауды қоспағанда, Тараптар мемлекеттерінің үлттық заңнамаларында белгіленген мерзімде және жерлерде балық және басқа да биологиялық ресурстарды аулауға тыйым салынады.

3. Тараптардың уәкілетті органдары трансшекараптың суперадың балық және басқа да биологиялық ресурстарын күзету, өсімін молайту және пайдалану мәселелерін қажет болған кезде жеке Келісімге сәйкес шешпелі.

10-бал

1. Тараптар шекаралық сулар жағалаулырын бұзылудан және арналары жағдайының өзгеруінің алдын алу жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

Шекаралық сулардың өз жағалаулырын инженерлік нығайту жөніндегі жұмыстар кезінде бір Тарап екінші Тарап мемлекетінің жағалауына залал келтірмеуі тиіс және көрсетілген жұмыстардың жүргізуі туралы 10 күннен кешіктірмей екінші Тарапты х а б а р д а р е т е д і .

Шекаралық сулардың жағалаулырын қорғау мәселелері тен құқықтық және өзара тиімділік қағидаты негізінде Тараптармен келісіледі және реттеледі.

2. Тараптардың уәкілетті органдары, қажет болған кезде Тараптармен келісілгеннен кейін шекаралық сулар арнасына тереңдегу және тазарту жүргізеді. Тиісті шығыстар Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келісім бойынша айқындалады.

Шекаралық сулардың арналары мен жағалаулырына залал келтіруді болдырмау үшін олардың түбін тереңдегу және тазарту кезінде Тараптар шығарылатын тұнбаларды жинақтау үшін тиісті түрде белгілі бір орын келісіледі.

3. Екінші Тараптың келісімінсіз, Тараптардың бір де бірі мемлекеттік шекарада орналасқан трансшекаралық сулар арналарының жағдайын жасанды түрде өзгертпейді.

## 11-бап

Бір Тарап шекаралық суларда немесе олардың жағалаулырында қандай да бір құрылыштарды немесе ғимараттарды (трансшекаралық объектілерді қоса алғанда) салу, қайта жөндеу немесе бұзы кезінде екінші Тарап мемлекетінің мұддесіне зиян келтіруге жол бермейді. Шекаралық суларда немесе олардың жағалаулырында жүзеге асырылатын шекаралық сулардың арналары мен ағыстарын өзгертуге әкеп соғуы, су ресурстарын пайдалануға, балықтардың қоныс аударуына, экологиялық ортаға, сондай-ақ Тараптар мемлекетінің басқа да мұдделеріне залал келтіруі мүмкін мәселелерді Тараптар мемлекеттерінің тиісті уағдаластықтары арқылы реттеледі.

## 5-тaraу. Шекара маңындағы аудандардағы өндірістік қызмет және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету

## 12-бап

1. Мемлекеттік шекараға жақын жерде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман және басқа да өндірістік қызметпен айналысу, сондай-ақ жер қойнауын өндеу кезінде бір Тарап екінші Тарап мемлекетінің мұдделеріне залал келтірмеуі тиіс.

2. Бір Тараптың мемлекеттік шекара сзығынан бір мың метр шекте жарылыс

жұмыстарын жүргізуі, қажет болған кезде ол 48 сағаттан кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етеді және оның мұдделеріне залал келтірмеу үшін алдын алу шараларын қабылдайды.

## 13-бап

1. Трансшекаралық құрылыштарды салу, пайдалану және жөндеу Тараптардың қол жеткізген уағдаластықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Егер Тараптар басқа туралы уағдаласпаса, шекаралық сулардағы трансшекаралық объектілерді пайдалану туралы шекара жауапкершілігі объектінің орталығымен, ортасымен немесе технологиялық осімен өтетін сзызыпен айқындалады.

Шекаралық суларда трансшекаралық объектілерді пайдалану туралы шекара жауапкершілігі жергілікті жердегі мемлекеттік шекара сзызығының өтуіне әсер етпейді.

## 14-бап

1. Бір Тараптың уәкілетті органдары екінші Тараптың аумағына олардың өтуін болдырмау мақсатында мемлекеттік шекара сзызығы маңында малды және үй құстарын бағуды бақылауды жүзеге асырады.

2. Мал мен үй құстары Екінші Тараптың аумағына өткен жағдайда Тараптардың уәкілетті органдары қысқа мерзімде бірін-бірі хабардар етеді және оларды іздеу, күзету және жедел түрде қайтару үшін шаралар қабылдайды. Оларды жасыруға, союға немесе сатуға, сондай-ақ шаруашылық мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

## 15-бап

1. Тараптардың уәкілетті органдары адамдар мен жануарлардың жұқпалы ауруларының, індеттер мен эпизоотиялардың, сондай-ақ зиянкестердің, өсімдіктер ауруларының және ауыл шаруашылығы мен орман дақылдары арамшөптерінің (оның ішінде карантиндік зиянды организмдердің) енуінің және таралуының алдын-алу үшін санитарлық-індектке қарсы (алдын-алу), ветеринарлық және фитосанитарлық шараларды қабылдауды.

Шекаралық аудандарда санитарлық-індектік, эпизоотиялық жағдай нашарлаған, шекаралық аудандарда адамдар немесе жануарлардың жұқпалы аурулары адамдардың денсаулығына, жануарларға, өсімдіктер мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін және шекара арқылы таралуы мүмкін зиянкестер, өсімдіктер аурулары және ауыл шаруашылығы мен орман дақылдары арамшөптері (оның ішінде карантиндік зиянды организмдер) анықталған кезде Тараптардың уәкілетті органдары бұл туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

2. Тараптардың уәкілетті органдары қажет болған кезде шекаралық ормандары, су

және басқа да табиғи ресурстарды құзету және пайдалану мәселелері, адамдар мен жануарлар ауруларының, сондай-ақ зиянкестердің, өсімдіктер аурулары мен ауыл шаруашылығы мен орман дақылдары арамшөптерінің (оның ішінде карантиндік зиянды организмдердің) алдын-алу проблемалары бойынша консультациялар жүргізеді

## **16-бап**

Тараптар мемлекеттік шекара сзығынан бір мың метр шекте қаруды қолдана отырып аң аулауға, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің аумағына бағыттап оқ атуға, шекара арқылы аңшылық кәсібі мен жануарлардың ізіне түсуге тыйым салады.

## **17-бап**

Шекаралық аудандарда табиғи дүлей зілзалалар (су тасу, өрт, сен жүру және солар сияқты) пайда болған кезде Тараптардың уәкілетті органдары уағдаластық бойынша зардап шегуші Тарапқа апattan құтқаруға қажетті көмек көрсетеді және екінші Тарап мемлекетінің аумағына апattың таралмауына шаралар қабылдайды.

## **18-бап**

1. Тараптар форс-мажорлық жағдаяттар туғызған жағдайларды қоспағанда, әуе кемелерінің мемлекеттік шекарадан өте отырып, заңсыз ұшуын болдырмау жөнінде шаралар қабылдаиды .

2. Мемлекеттік шекара сзығынан 25 километр шектегі өз аумағында аэрофотоға түсіруді және басқа да қашықтықтан зерттеуді жүзеге асыру мақсатында әуе кемелерінің ұшуларын жоспарлап отырған Тарап олар басталғанға дейін 15 күн бұрын екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес шабардарап етеді .

Егер жоғарыда көрсетілген ұшуларды екінші Тарап аумағының үстінен шекарадан өту арқылы жасау қажет болған жағдайда, бір Тарап бұл туралы олар басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей, оның келісімін алу үшін дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа осы Келісімнің 5-қосымшасына сәйкес сұрау салады. Екінші Тарап ұшулар басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей жоғарыда көрсетілген сұрауға жауап жібереді.

## **19-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін, егер Тараптар өзге туралы келіспесе, шекара құзеті мұддесіндегі пайдалануларды қоспағанда, мемлекеттік шекараның құрлықтық

сызығының екі жағынан жиырма метр шекте тұрақты құрылымдың нысандарын салуға тыйым салынады.

## **20-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары мемлекеттік шекарадағы өндірістік қызметке және жақын жатқан аудандар шегіндегі бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ 10 күннен кешіктірмей осы Келісім ережелеріне сәйкес мемлекеттік шекара режиміне әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру мерзімі мен нақты орны туралы бірін-бірі хабардар етеді.

## **21-бап**

Тараптар шекарадан өтуді, шекара маңындағы аудандардағы тәртіпті қамтамасыз ету, контрабандалар, зансыз көші-қон, есірткілер және психотроптық заттармен сауда жасауды, тыйым салынған заттарды сату және өткізу мен басқа да трансшекаралық қылмыстарды болдырмау және олардың жолын кесу мүддесінде ынтымақтастық пен өзара іс-әрекетті нығайтады. Осы мақсаттарда Тараптар немесе олардың уәкілетті органдары қатынастар жүйесі мен ынтымақтастық туралы тиісті Келісімдерге қол қояды.

## **6-тарау. Мемлекеттік шекарадан өту тәртібі**

## **22-бап**

1. Бір Тарап мемлекеттерінің азаматтары оның елінің уәкілетті органдары жарамды деп жарияланған құжаттар негізінде екінші Тарап мемлекетіне кіріп, шығады және оның нақты жарамдылығының бекітілген мерзімдері шегінде аумағында бола алады. Көрсетілген құжаттар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары және Тараптар арасындағы қолданыстағы халықаралық келісім-шарттарға сәйкес айқындалады.

2. Темір жол тасымалдарына қызмет көрсететін персоналдың мемлекеттік шекарадан өтуі және оның шекаралық темір жол станциялары аумағы немесе шекаралас станциялар арасындағы аумақ шегінде болу мәселелері Тараптардың немесе олардың құзыретті ведомстволарының тиісті Келісімдерімен айқындалады.

3. Адамдармен олардың жүктері, жеке заттары және көлік құралдары Тараптар белгілеген өткізу пункттерінде шекарадан өтеді. Әуе кемесінің мемлекеттік шекарадан өтуі Тараптардың уәкілетті органдары белгілеген халықаралық әуе трассалары бойынша жүзеге асырылады.

23-бап

Тараптар мемлекеттерінің шекарада тұратын халқының, трансшекаралық құрылыштарды салуға қызмет көрсететін персоналдың, шекаралас аудандар ұйымдары жұмысшыларының және басқа да тұлғалардың шекарадан жеңілдетілген өтуін ресімдеу мәселелері Тараптардың тиісті Келісімдерімен айқындалады.

24-бап

Шекаралас аудандарда өрт, сен жүру немесе басқа да дүлей зілзаларап туындаған кезде бір Тараптың өрт сөндіруші немесе құтқарушы персоналы екінші Тараптың уәкілетті органдарының өтініші бойынша көмек көрсету үшін Тараптардың тиісті органдары растиған тізімдер және тұлғалығын көрсететін құжаттар бойынша мемлекеттік шекарадан өтуі мүмкін. Шекарадан өтудің орны мен нақты уақыты Тараптардың уәкілетті органдарымен келісіледі.

25-бап

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері Тараптардың тиісті Келісімдерімен  
б е л г і л е н е д і .

Тараптардың уәкілетті органдары мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері жұмыстарының режим мәселелері бойынша ынтымақтастық тетігін айқындайды.

26-бап

Тараптар мемлекеттік қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мүдделерінде санитарлық-індептік ахуалдар бойынша, сонымен қатар стихиялық апаттар мен өзге де форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты азаматтар мен олардың жүктегі, жеке заттары мен көлік құралдарының шекарарадан өтуін уақытша шектеуді немесе толық тоқтатуды ендіруі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген шектеулі жағдайларды қолдану жағдайында бір Тарап міндетті түрде екінші Тарапты хабардар етеді.

## **7-тарау. Шекаралас аудандардың экономикалық байланысу режимі мен байланысы**

27-бап

1. Тараптар шекара маңындағы аудандардың арасында экономикалық байланысуға мүмкіндік туғызады және осы мақсаттарда өзара жол журулер мен тауар айналымы үшін қолайлы жағдай жасайды.

2. Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес шекара маңындағы аудандар арасында экономикалық байланысуларды дамыту жөніндегі уағдаластықтардың орындалуына ықпал етеді.

3. Шекара маңындағы аудандар арасындағы экономикалық байланысулар саласында Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптар арасындағы тиісті Келісімдерге сәйкес траншекаралық қылмыстың барлық түрлерінің алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар қолданады.

## 28-бап

1. Тараптар Қазақстан Республикасының шекара маңындағы облыстары мен Қытай Халық Республикасының шекара маңындағы автономиялық аудандары арасындағы байланыстар жүйелерін орнатуға ықпал етеді.

2. Қазақстан Республикасының шекара маңы облыстары мен Қытай Халық Республикасының шекаралас автономиялық аудандары шекаралас аудандар арасындағы байланыстар жүйелерін орнатуға ықпал етеді.

3. Тараптар мемлекеттік ұлттық заңнамаларымен анықталған шекаралық ведомстволардың, кедендік органдардың, карантиндік-инспекциялық қызметтер мен басқа да мемлекеттік бақылаушы органдардың тиісті басшылықтары арасындағы қызметтік байланыстарды жүзеге асыруға ынталандырады.

4. Екі елдің шекара маңындағы аудандарының өзара ынтымақтастығының барлық мәселелері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптар арасындағы тиісті Келісімдерге сәйкес немесе олардың уәкілетті органдары арқылы шешіледі. Тараптар шекара маңындағы аудандардың әкімшілік бөлінісінің тізбесін осы Келісімнің 6-қосымшасына сәйкес айқындалады. Бір Тарап өзінің шекара маңындағы аудандарының әкімшілік бөлінісін қайта қарау себебі бойынша өзгерістер енгізген жағдайда бұл туралы екінші Тарапты уақытылы хабардар етеді.

## 29-бап

Тараптар шекаралық туризм мен шекаралық сауданы дамытуға ықпал етеді, шекаралық ынтымақтастықтың әртүрлі нысанын көтермелейді.

## 8-тaraу. Шекаралық оқыс оқиғаларды шешу

## 30-бап

Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары алдын алу жөніндегі ынтымақтастықты жүргізеді, сондай-ақ төмендегі шекаралық оқыс оқиғаларды бірлесіп тексерді және шешуді жүзеге асырады:

1) шекаралық обьектілердің бүлінуін, орнының ауысуын, бұзылуын немесе шекара  
б е л г і л е р і н і н ж о й ы л у ы н ;

2) шекара арқылы оқ атуды;

3) екінші Тарап мемлекетінің аумағында адам өлтіру, жарадау және басқа да  
Тараптар мемлекеттері азаматтарының денсаулығына қауіп төндіретін іс-әрекеттерді  
шекара арқылы немесе шекараны бұза отырып жасауын;

4) адамдармен, малдармен, үй құстарымен және көлік құралдарымен (әуе  
кемелерімен, автомашиналар және жүзу құралдарымен) және басқа да шекараны  
б ұ з у ы н ;

5) шабу, жерді өндіреу, балық аулау, анға шығу, жеміс-жидек пен дәрілік шөптерді  
жинау немесе басқа да өндірістік әрекеттермен айналысу үшін заңсыз шекарадан өтуін;

6) жүктегенді шекара арқылы заңсыз алып өтуін;

7) екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы мүлікті алуын, қарақшылық жасауын,  
бопсалалауын, үрлауын, зақым келтіруін немесе бүлінуін;

8) шекара арқылы өрттің таралуын;

9) шекара арқылы жұқпалы және паразиттік аурулар мен зиянкестердің ені мен  
т а р а л у ы н ;

9) шекара арқылы заңсыз байланыс жасауын;

10) өзге шекаралық оқыс оқиғаларды.

## 31-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары шекара  
мен оның режимін бұзудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі қажетті шараларды  
б і р л е с і п қ а б ы л д а й д ы .

2. Шекара бұзушыны немесе олармен шекараны бұзу іздерін анықтаған жағдайда  
мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекетінің  
аумағында іздестіруді, ұстауды және шекара бұзушының тұлғалығын анықтауды және  
бірін-бірі жедел хабардар етуді жүзеге асырады.

## 32-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары қысқа  
мерзімде шекара бұзушыға қатысты тексеру жүргізеді, оның тұлғалығын, шекара  
бұзудың мән-жайы мен себебін анықтайды және ұстау сәтінен бастап жеті күн ішінде  
оны екінші мемлекеттің шекара өкілдеріне немесе екінші Тараптың уәкілетті  
о р г а н д а р ы н а б е р е д і .

Белгіленген мерзімде бұзушыларды беру немесе қабылдау мүмкін болмаған  
жағдайда, бұзу және оны уақытылы беру немесе қабылдау мүмкін болмаған себептері

туралы мәліметті мемлекеттік шекара өкілдеріне немесе екінші Тараптың уәкілетті орнадарына бару і тиіс.

2. Егер шекараны бұзушы оны ұстаған Тарап мемлекеттің азаматы болып табылса, егер халықаралық шарттарда белгіленбесе, бір мезгілде қатысуши Тарап мемлекеті болып табылса, онда ол берілуге жатпайды.

3. Егер тұлға шекараны бұзудан басқа, мемлекеттің ұстай аумағында өзге қылмыстық әрекет жасаса, онда ұстаған Тараптың уәкілетті органдары өз мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес оны тексеру үшін қажетті кезеңде қамауда ұстайы және жауапкершілікке тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда мемлекеттердің шекара өкілдері немесе ұстаған Тараптың уәкілетті органдары шекара бұзушы, ол жасаған қылмыстарының жай-қүйі, оған қатысты қабылданған шаралар мен тексеру нәтижелері туралы мәліметтерді мемлекеттің шекара өкілдері мен екінші Тараптың уәкілетті орнадарына хабарлайды.

4. Шекара бұзушыны тапсыру кезінде мемлекеттердің шекара өкілдері немесе ұстаған Тараптың уәкілетті органдары мемлекеттің шекара өкілдері немесе қабылдаған Тараптың уәкілетті органдарына тұлғаның шекараны бұзу кезінде пайдаланған көлік құралын және қабылдаған Тараптың аумағынан алып өткен мүлкін дәлел ретінде береді

### 33-бап

1. Шекара бұзушының құқығы мен мұддесі тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және бір мезгілде Тараптар мемлекеттері қатысуши болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қамтамасыз етіледі. Тараптардың уәкілетті органдары шекараны бұзушыға қатысты адамгершілікке жатпайтын шараларға және дөрекі нақсадарға жол бермейді.

2. Егер шекара бұзушы Тараптар мемлекеттері азаматтарының өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе, оған қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

Шекара персоналы шекараны бұзушыға қарсы қару қолдану алдында атады.

Шекараны бұзушыға қатысты қаруды қолдану басқа қабылданған шаралар он нәтижелер бермегенде, аса қажет болған жағдайдаған рұқсат етіледі. Қару қолдану шекара арқылы тек қана заңсыз іс-әрекеттердің тиімді жолын кесу мақсатында қолданылады.

Ұстай кезінде жаракат алған шекараны бұзушыға шұғыл медициналық көмек көрсетіледі.

### 34-бап

1. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары шекаралық оқыс оқиға барысында келтірілген залалдарға байланысты барлық алға

тартылған шағымдар мен талаптарды бірлесіп тергейді және шешеді.

2. Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары бір мезгілде шекаралық оқыс оқиғаны реттей отырып, екінші Тарап мемлекетінің аумағында қалған мұлікті қайтару мәселесін қарайды және шешеді.

## 35-бап

Мемлекеттердің шекара өкілдері мен Тараптардың уәкілетті органдары белгісіз адамдардың мәйіттерін шекараға жақын жерден тауып алған кезде, олардың қай мемлекетке қатысы барын анықтайды, қажет болған жағдайда бірлесіп тануды жүргізеді, оларды тапсыру мәселесін немесе реттеудің қажетті тәсілдерін келісіп шешиді.

Белгісіз бұйымдарды немесе малдардың өлекесін мемлекеттік шекараға жақын жерден тауып алған кезде, олардың қай мемлекетке қатысы барын анықтауға шаралар қабылдайды және оларды тапсыру немесе жоюды жүзеге асырады.

## 36-бап

1. Тараптар немесе оның уәкілетті органдары әуе кемесі екінші Тарап мемлекетінің әуе кеңістігі арқылы олардың мемлекетінің шекарасынан заңсыз өткендігін қуәландырғаннан кейін шекараны бұзушы әуе кемесінің ықтимал түрі, сонымен қатар шекараны бұзу уақыты, жері (географиялық координаттары), биіктігі және ұшу бағыты (әуе жолы) туралы дереу екінші Тарапқа немесе оның уәкілетті органдарына хабарлайды.

Шекараны әуе кемесімен заңсыз кесіп өтуі туралы хабар алғаннан кейін әуе кемесімен мемлекеттің әуе кеңістігінің шекарасын бұзған Тарап немесе оның уәкілетті органдары шекараны заңсыз бұзу фактісі бойынша дереу тексеру жүргізеді және екінші Тараптың немесе оның уәкілетті органдарына шекарадан заңсыз өту себептері туралы хабарлайды.

Егер әуе кемесімен әуе кеңістігінен шекараны бұзған Тарап немесе оның уәкілетті органдарының әуе кемесіне қатысты ақпараттары болмаса, олар бұл туралы екінші Тарапқа хабарлайды және оны іздеу шараларын ұйымдастырады.

Тараптар немесе олардың уәкілетті органдары әуе кемесінің шекарадан заңсыз өту себептерін бірлесіп тексереді.

2. Шекарадан заңсыз өткен әуе кемесі туралы ақпараттар алмасу тәртібі Тараптармен немесе олардың уәкілетті органдарының тиісті келісімдеріне сәйкес шешіледі.

**9-тарау. Мемлекеттердің шекара өкілдері, олардың күкіншілері, міндеттері мен жұмыс тәртібі**

37-бап

1. Мемлекеттік шекара режимін, осы Келісімдерде көрсетілген шекаралық оқыс оқиғалардың дер кезінде алдын алу және реттеуді қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешу мұдделерінде Тараптар шекараның тиісті участеклеріне мемлекеттік шекара өкілдері мен олардың орынбасарларын дербес тағайындауды, сондай-ақ шекаралық кездесулер мен келіссөздерге арналған орындарды бекітеді.

Тараптар мемлекеттің шекара өкілдері мен олардың орынбасарларын тағайындау туралы бірін-бірі хабардар етеді.

Мемлекеттер шекара өкілдерінің жауапты участекелері мен кездесу орындары осы  
Келісімнің 7-қосымшасында айқындалған.

2. Мемлекеттердің шекара өкілдері жұмысты өз мемлекетінің ұлттық заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттің шекара өкілінің болмау уақытында оның міндеттерін орындау үшін оның орынбасарларынан біреуінде уәкілдік етеді.

4. Мемлекеттердің шекара өкілдері жұмыс істеуге ынғайлы болу үшін көмекшілерін және басқа да жұмысшыларын (хатшыларын, аудармашыларын, сарапшыларын, байланыс бойынша уәкілдерін және солар сияқты) тағайындаиды.

38-бап

